

Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің кепілдіктері



*Орындағандар;
Елеукен Аида
Кубеева Анар
Оразхан Амина
Турсынгали Сымбат*

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- 1. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін жіктеп көрсету, кепілдіктерінің мәнін терең ашып түсіндіру
- 2. Мемлекеттік емес қарыздарға қатысты мемлекеттік кепілдіктер нысанын, субъектілері мен оларға қойылатын талаптарды айқындау
- 3. Сыртқы экономикалық қызмет туралы заңнаманың ҚР-да қалыптасуын қарау, заңнама өзгеруі бойынша қандай кепілдіктер бар екенін анықтау.



Қарастырылатын сұрақтар

- **Сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне берілетін кепілдіктер түсінігі. Шарттық-құқықтық кепілдіктер**
- **Мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша мемлекеттік кепілдіктер**
- **Кепілдік бола алатын басқа да құқықтық құралдар**
- **Заңнамалық кепілдіктер**



Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері

Сыртқы экономикалық қызмет деп-сыртқы экономикалық байланыстың белгілі бір аспектісі, кәсіпорындар мен ұйымдардың дербес өндірістік-коммерциялық қызметінің саласы түсініледі. Дербестік шетелдік әріптесті, экспорттық-импорттық мәміле үшін тауар номенклатурасын таңдаудан, баға белгілеуден, сәқ-тің түрлерін анықтаудан көрінеді.

СЭҚ субъектілері

Шетел инвесторы

Шетел заңды тұлалары,
шетел азаматтары,
азаматтығы жоқ тұлғалар

Шетел мемлекеттер, заңды
тұлғаларға қатысты шешім
қабылдауын анықтайтын
ҚР заңды тұлғалары..

Халықаралық ұйымдар,
шекарадан тыс жерлерде
тұрғылықты мекен жайы
бар, сол елдерде
шаруашылық қызметті
жүргізу үшін тіркелген ҚР
азаматтары.

Сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне берілетін кепілдіктер

*Инвесторлардың
инвестицияларына
және олармен
байланысты қызметке
қолайлы режим жасау;*

*Шетелдік
инвесторға өз
кірістерін еркін
аударуға
мүмкіндік беру*

*Шетелдік
мүлікті
тиісті
қорғауды
қамтамасыз
ету;*

*Инвестицияға
қатысты
дауларды
халықаралық
арбитражда
қарастыру.*



Кепілдіктер


Тараптардың келісімі бойынша шарттарға өзгерістер енгізілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.

Инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Кәсіпкерлік туралы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін актілер шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген зиянды инвестордың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.




Кепілдіктер таратылмайды



Акцизделетін тауарлар импортының, өндірісінің, оларды өткізудің тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) олардың өзгерістеріне;

Ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.



Кірістерді пайдалану кепілдіктері

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

- 2) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банк және валюталық заңнамасына сәйкес ұлттық валютада және (немесе) шетелдік валютада банк шоттарын ашуға құқылы.



ҚАРЫЗ ТҮРЛЕРІ

- **Мемлекеттік емес қарыз** - Қазақстан Республикасының Үкіметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті қарыз алушы болатын қарыз қатынастары
 - **Мемлекеттік қарыз** – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарыз қатынастары.



Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет Кодексінің 213 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының қарыз алушы резиденті одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің берешекті толық немесе ішінара өтеуге қарыз берушінің алдындағы міндеттемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, егеменді) кепілдігі (мемлекеттік кепілдік) болып табылады.

Қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік кепілдіктер берудің айрықша құқығына Қазақстан Республикасының Үкіметі ие болады



МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР БЕРУ ШАРТТАРЫ

Мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары негізінде беріледі.



Мемлекеттік кепілдік беру мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты республикалық бюджеттен берілген қаражаттарды қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттар ресімделіп, тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Банк кепілдігі қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне бір рет беріледі және негізгі борыш сомасын, сондай-ақ сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімпұлдың, айыппұлдың) барлық сомаларын және қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын өзге де төлемдерді жабады.



- Қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғаларға осы заңды тұлғалар қарыз алушы ретінде әрекет еткенде, мынадай талаптар қойылады:
- 1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушының Қазақстан Республикасының резиденті болуы
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін, тиісті кезеңге арналған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған инвестициялық жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламаның тізбесіне енгізілген жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламаның іске асырылуын жүзеге асыруы;
- 3) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық басқарушы операторды және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны, сондай-ақ жобаларды іске асыруға екінші деңгейдегі банктерден қаржыландыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен олардың еншілес ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк кепілдігінің не сақтандыру шартының болуы.

МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТІҢ НЫСАНЫ

- Мемлекеттік кепілдік бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші (облигациялар ұстаушылардың өкілі) арасында кепілдік шартын жазбаша түрде жасасу арқылы не мемлекеттік емес қарыз бойынша кепілгердің міндеттемесін (кепілдік міндеттемесін) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қабылдағаны туралы жазбаша хабарлау нысанында беріледі.



МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

қарыз алушы немесе
кепілгер Қазақстан
Республикасының Үкіметі
кепілдік берген қарыз
бойынша міндеттемелерді
толық орындаған

егер кепілдік шартында
(кепілдік міндеттемесінде)
өзгеше айтылмаса, онда
көрсетілген кепілдік мерзімі
өткен

қарыз шартында және (немесе)
кепілдік шартында (кепілдік
міндеттемесінде) арнайы айтылған

мемлекет кепілдік берген
қарыз бойынша қайта
құрылымдау және (немесе)
қарыз алушыны ауыстыру
кезінде кепілдік жаңасына
ауыстырылған жағдайларда,
өзінің қолданысын тоқтатады



МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТТАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУ

- Мемлекет кепілдік берген қарыз қаражаттарын қарыз талаптарында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беруге пайдалануға тыйым салынады.
- Мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуына бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.
- Мемлекеттік кепілдігі бар қарыз бойынша қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыз бойынша алынған қаражаттарды нысаналы пайдаланбағаны үшін және қарыз алушы қарыз бойынша борыштық міндеттемелерді орындамаған жағдайда мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражаттарды қайтару үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жауаптылықта болады.



МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТІҢ ОРЫНДАЛУЫ

- Егер қарыз шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі басталған күні және республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражаттар шегінде толық немесе ішінара өтемеген жағдайда, қарыз берушінің талабы бойынша мемлекеттік кепілдік төлем күні басталғаннан кейін орындалуға жатады.
- Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.



КЕПІЛДІК ШАРТЫНДА НЕМЕСЕ КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕСІНДЕ:

- 1) оған сәйкес мемлекеттік кепілдік берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері;
- 2) қарыз алушының атауы және тұрған жері;
- 3) қарыз алушының негізгі міндеттемесінің мазмұны;
- 4) кепілдік берілетін қарыз сомасы, берілетін мемлекеттік кепілдіктің күші қолданылатын қарыз бойынша кепілдік берілетін басқа да міндеттемелер;
- 5) мемлекеттік кепілдіктің қолданылу мерзімі;
- 6) кепілдік шартына (кепілдік міндеттемесіне) қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.



КЕПІЛПҰЛ ҰҒЫМЫ. КЕПІЛПҰЛ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ НЫСАНЫ

Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома кепілпұл деп танылады.

Кепілпұл туралы келісім кепілпұлдың сомасына қарамастан жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Бұл қағида негізгі міндеттемені нотариат куәландыруға тиіс болатын жағдайда да қолданылады. Жазбаша нысанды сақтамау кепілпұл туралы келісімнің маңызсыздығына алып келеді.



КЕПІЛПҰЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН МІНДЕТТЕМЕНІ ТОҚТАТУДЫҢ ЖӘНЕ ОРЫНДАМАУДЫҢ САЛДАРЫ

Міндеттеменің орындалуы басталғанға дейін тараптардың келісімі бойынша не олардың кінәсізсіз-ақ оны орындаудың мүмкіндігі болмауы салдарынан тоқтатылған жағдайда, кепілпұл қайтарылуға тиіс.

Егер міндеттеменің орындалмауына кепілпұл берген тарап жауапты болса, ол екінші тарапта қалады, ал егер кепілпұл алған тарап жауапты болса, ол екінші тарапқа кепілпұлдың екі еселенген сомасын төлеуге міндетті. Оның үстіне, шартта өзгеше көзделмегендіктен, міндеттеменің орындалмауына жауапты тарап екінші тарапқа кепілпұл сомасын ескере отырып, шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті.

ҰСТАП ҚАЛУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Борышқорға не борышқор көрсеткен тұлғаға берілуге тиіс зат қарамағында болған несие беруші, борышқор осы заттың құнын төлеу немесе несие берушіге оған байланысты шығындар мен басқа да залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемені мерзімінде орындамаған жағдайда, тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы.
- Заттың құнын төлеуге немесе оған шыққан шығындарды және басқа да залалды өтеуге байланысты болмаса да, кәсіпкер ретінде әрекет ететін тараптардың міндеттемелерінен туындайтын талаптар да затты ұстап қалу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.
- Несие беруші өзіндегі зат иелігіне түскеннен кейін де оны иелену құқығын үшінші тұлғаның алғанына қарамастан, ол затты ұстап қала алады.

ҰСТАП ҚАЛЫНҒАН МҮЛІК ЕСЕБІНЕН ТАЛАПТАРДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ

- Затты ұстап қалушы несие берушінің талаптары кепілмен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандыру үшін көзделген көлемде және тәртіппен заттың құнынан қанағаттандырылады.



КЕПІЛДІК ЖАРНА ҰҒЫМЫ

Сауда-саттық немесе өзге де міндеттемені орындау кезінде шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін кепілдік жарнаны төлеушінің кепілдік жарнаны алушыға беретін ақша сомасы кепілдік жарна болып табылады.



Кепілдік жарнаны төлеу жөніндегі міндеттеме заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда туындайды. Кепілдік жарнаны төлеу жөніндегі міндеттеме тараптардың келісіміне байланысты да туындайды.



*КЕПІЛДІК ЖАРНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН
МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАМАУ, ТОҚТАТУ НЕМЕСЕ
ОРЫНДАУ САЛДАРЫ*

Кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме төлеушінің кінәсінен орындалмаған кезде кепілдік жарна екінші тарапта қалады.

Кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме кепілдік жарнаны алушының кінәсінен орындалмаған не тараптардың келісімі бойынша немесе олардың кінәсінен орындалудың мүмкін болмауы салдарынан осы міндеттеме тоқтатылған кезде кепілдік жарна қайтарылуға жатады.

Шарт жасасу немесе кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген өзге міндеттемені орындау кезінде кепілдік жарна сомасы жасалған шарт немесе өзге де кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша кепілдік жарна алушыға тиесілі екінші тараптан түсетін төлемдердің есебіне жатқызылады.

ЗАҢНАМАЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР

- Қазақстанда сыртқы экономикалық заңнама келесі 1990 жылдың соңында қабылданған 3 өзара байланысты байланысты заңдармен пайда болды:
 - “Қазақстандағы сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидалары туралы” Заң – 15.12.1990ж
 - “Қазақстандағы шетел инвестициялары туралы” Заң – 7.12.1990ж
 - “Қазақстандағы еркін экономикалық зона туралы” Заң – 23.12.1991ж
- Кейінірек, 13.06.1991ж “Қазақстанда валюталық реттеу туралы” Заң, 23.12.1991ж “Концессиялар туралы” Заң қабылданды.
- 27.12.1994 ж “Шетел инвестициялары туралы” екінші Заңы ҚРАК Ерекше бөлімімен бір уақытта қабылданды.
- 28.06.1995ж Заң күшіне ие ҚР Президентінің “Мұнай туралы” жарлығы қабылданды.
- 27.01.1996ж “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заң
- 28.02.1997ж “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қорғау туралы” Заң

- 2003 жылдан бастап инвестициялық заңнама қалыптасуының жаңа кезеңі басталды. - шетел инвестициялары туралы Заңның күші жойылды.
- 8.01.2003ж “Шетел инвестициялары туралы” Заң мен “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Заңның негізінде бір “Инвестициялар туралы” Заң қабылданды.
- 20.10.2015ж Кәсіпкерлік Кодекс қабылданды, оған “Инвестициялар туралы” Заң нормалары толықтай кіргізілді. (25 бөлім, 273-296 баптар)
- Инвестициялық заңдар қатарына 7.12.2015ж қабылданған “Астана” халықаралық қаржылық центрі туралы Конституциялық заңды жатқызуға болады, себебі ол шетел инвесторларын шақыруға бағытталған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР

- ҚР 50-ден астам екіжақты келісімдерге отырған. Алғашқыларына АҚШ және ҚР арасыдағы **Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы 19.05.1992ж Келісім**, және тура сондай ҚР және ГФР арасындағ **22.09.1992ж Келісім** жатады.
- Көпжақты келісімшарттар:
 - **Энергетикалық Хартияға Келісімшарт.** 17.12.1994ж қол қойылдығ Қазақстан 18.10.1995ж ратификациялады, күшіне 16.04.1998ж енді. 50-ден астам мемлекет қатысады. Бұл инвестициялық келісімшарт, 3 бөлімі инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы айтылған.
 - **Сеул Конвенциясы. 1985ж.** Көпжақтық инвестицияларға кепіл бойынша агенттікті бекітті, ол Халықаралық Банк құрамына кіреді.
 - **Мемлекеттерарасындағы, басқа мемлекеттердің жеке және заңды тулғалардың арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы Вашингтон Конвенциясы.** 18.03.1965ж қол қойылды, 14.09.1966ж күшіне енді, 148 мемлекет қол қойды. ҚР 26.06.1992ж Заңмен 21.10.2000 жылы қосылды. Осы Конвенция негізінде Инвестициялық дауларды реттеу бойынша Халықаралық центр ашылды (ICSID/МЦУИС). Ол мемлекет пен шетел инвесторы арасында дауларды қарайды.



ЗАҢНАМАНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕН КЕПІЛДІКТЕР

□ 2 түрде болады:



Шетел инвестициялары туралы Заң 1990ж. (күші жойылған)

6-бап. Заңдар өзгерген жағдайдағы кепілдіктер

1. Заңдардағы өзгерістердің нәтижесінде және (немесе) халықаралық шарттар ережелерінің күшіне енуіне және (немесе) өзгеруіне байланысты шетелдік инвестордың жағдайы нашарлаған ретте шетелдік инвестицияларға 10 жыл бойы инвестицияларды жүзеге асырған кезде қолданылған заңдар қолданылады, ал мемлекет уәкілдік берген органдармен жасалған ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын инвестицияларға, егер келісім-шартта өзгеше көзделмесе, келісім-шарт қолданылатын мерзім аяқталғанға дейін қолданылады.

Заңдардағы өзгерістердің нәтижесінде және (немесе) халықаралық шарттар ережелерінің күшіне енуіне және (немесе) өзгеруіне байланысты шетелдік инвестордың жағдайы жақсарған ретте шетелдік инвестор мен республиканың өкілі болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органның арасындағы келісім-шарттардың жекелеген ережелері қатысушылардың экономикалық мүдделерін теңдестіруге қол жеткізу мақсатымен тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2. Лицензия негізінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде осы баптың бірінші тармағында көзделген кепілдік бірінші тармақта белгіленген мерзім ішінде - лицензияның қолданылуы тоқтатылғанға дейін, ал оны ұзартқан жағдайда лицензия ұзартылған мерзім аяқталғанға дейін сақталады.

3. Бұл талаптар қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік пен денсаулық сақтау және адамгершілік аясындағы Қазақстан Республикасы заңдарына енгізілген өзгерістерге қолданылмайды. Заңдарға осы салаларда шетелдік инвестордың жағдайын нашарлататын өзгерістер енгізілген кезде шетелдік инвесторға инвестицияланған валютаға, не шетелдік инвестордың Қазақстан Республикасымен келісімінде белгіленген шетелдік валютаға пара-пар және тиімді өтем кідіріссіз төленуге тиіс.

4. Осы баптың 1-тармағында белгіленген кепілдіктер акцизделетін тауарларды импорттау мен (немесе) өндіру, және (немесе) өткізу, сондай-ақ өңдемей сатуға арналған тауарларды импорттау тәртібі мен шарттарын (оның ішінде салық салу мәселелері мен мемлекеттік реттеудің өзге де шараларын) өзгертетін Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттардың күшіне енуіне және (немесе) өзгерістеріне қолданылмайды.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- ҚР Бюджет Кодексі
- ҚР Кәсіпкерлік Кодесі
- ҚР Азаматтық Кодексі
- «Законодательство об инвестициях Республики Казахстан: 25 лет развития» - М.К. Сулейменов - академик Национальной академии наук РК, доктор юридических наук, профессор.
- 1990ж “Шетел инвестициялары туралы” Заң





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!